




T.C. YEDİTEPE ÜNİVERSİTESİ

«6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған

Конырова Айжан Мауленовнаның «XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты: тарихи-салыстырмалы талдау» атты диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Конырова Айжан Мауленовнаның диссертациялық жұмысында қазақ өлкесінің алғаш Патшалық Ресей, одан кейінгі кеңестік басқару тұсындағы орыстандыру саясатының мәселелері тарихи-салыстырмалы түрде талдауға алынған.

Отарлаушы мемлекеттер қашан да отарланған елдерге саяси, экономикалық және мәдени тұрғыдан ықпал ете отырып, оны өзіне тәуелділікте ұстау мақсатында әр түрлі шаралар қолданатыны белгілі. Олар әсіресе сол халықтың тарихы мен тіліне, мәдениетіне ерекше ықпал жасай отырып, өзіне кіріктіруге аса мән беріп отырды. Сол сияқты аталып отырған екі билік тұсында да қазақ өлкесін рухани және мәдени тұрғыдан орыстандыру саясаты басты мақсатты ой болып табылды.

Соған орай диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалықтары айқындалған: тақырыпқа сай зерттеудің әдіс-тәсілері, негізгі бағыттары нақтыланып, өзіне дейінгі зерттеу еңбектеріндегі отарлау, орыстандыру ісіне қатысты мәселелер толығымен жинақтарып, теориялық-методологиялық тұрғыдан салыстырмалы талдау жасалынған. Әсіресе бұл мәселе жұмыстың алғашқы тарауында негізе алынып, Отандық, кеңестік және алыс-жақын шетел ғалымдарының ой пікірлерін топтастыра отырып, кешенді түрде тарихи тұрғыдан салыстыра отырып талданып, тұжырымдалған. Сонымен бірге диссертант қазіргі таңдағы Ресейлік «жаңа тарих» теориясымен байланысты жасалған пікірлер тобын назарға алып, «отарлау», «отаршылдық», «метрополия», «аккультурация», «мәдени ассимиляция» терминдеріне анықтама бере отырып, оның өлкеге тигізген оң әсері мен кері салдары талданып, тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Ал келесі тараулары мен тараушаларында: Патшалық Ресейдің қоныстандыру саясаты мен жаппай жерлерінің тартылып алынуы, соған сәйкес алғашқы білім ошақтарының орыстандыру бағытындағы жұмыстары, шоқындыру ісінің саяси астарлары толығымен талданып,



T.C. YEDİTEPE ÜNİVERSİTESİ

нақтыланады. Сонымен бірге диссертант жұмысында Кеңестік билік тұсындағы Қазақстандағы орыстандыру ісінің одан әрі жалғасуы сабақтаса отырып, беріледі. Яғни, кеңес билігінің өз саясатына кіріктіре отырып, өлкедегі саяси, мәдени ағарту шараларындағы орыстандыру ісі, мәдени-сакральды құндылықтарға жаппай тосқауыл қоюы, интернационалды мемлекет қалыптастыру жолындағы қаулылары мен қарарларының қазақ өлкесіне тигізген зардаптары баяндалады.

Зерттеу барысында: негізінен өте көп кешенді деректік материалдар, оның ішінде Патшалық Ресей мен кейінгі Кеңес өкіметі тұсындағы қаулы-қарарлары мен алғашқы қазақ ағартушылары, кейінгі қазақ зиялыларының жазып қалдырған қолжазбалары мен естеліктері, кеңестік билік өкілдерінің шығармалары пайдаланылған. Сонымен бірге басты дерек көзі болатын Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің № 4, № 15, № 19, № 64, № 30, № 81, № 1178; сонымен бірге Қазақстан Президент архивінің № 139, № 141 қорларының, Шығыс Қазақстан облысы Цифрландыру және архивтер басқармасының «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру» орталығы» КММ құжаттар тобы қарастырылып, өз жұмысында ұтымды пайдалана алған.

Диссертациялық жұмыстың негізгі әдістемелік бағыты мен оған қатысты басты ұстанымдары анықтала отырып, зерттеу пәні, хронологиялық шеңбеі, теориялық-методологиялық және деректік талдануы жүргізіле отырып, тақырыптың тұжырымдары негізделген. Жұмыстың алға қойған мақсатына сай белгіленген міндеттер тобы логикалық жүйемен және логикалық байланыспен жазылып, талданған. Соған сай диссертант қорытынды тұжырым жасаған.

Жалпы алғанда, диссертант алға қойылған мақсатына сай жұмыс жасап, қорғау жұмысына қойылатын талаптар негізінде зерттеу жұмысын аяқтап шыққан. «6D020300 –Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Конырова Айжан Мауленовнаның «XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты: тарихи-салыстырмалы талдау» атты диссертациялық жұмысын қорғауға болады деп ұсынуға болады.

Едитепе университетінің профессоры
Түркия республикасы

T.C.
YEDİTEPE ÜNİVERSİTESİ
FEN - EDEBİYAT FAKÜLTESİ
TARİH BÖLÜMÜ

Ахмет Ташағыл